

А.С.Сарсамбекова

**Батыс Сібір және оған шекаралас Қазақстан территориясы қазақтарының этникааралық құрылымдары (XX ғ. соңы – XXI ғ. басы)**

Зерттеу материалдарының мазмұны жүргізілген этноәлеуметтік сауалнамаларға сүйенеді. Мақалада Батыс Сібір мен Солтүстік Қазақстандағы этносаралық қатынастар қарастырылды. Автор шекаралық аймақтарда тұратын қазақтар арасында салыстырмалы сараптамалар жүргізді. Респонденттер араласатын негізгі этностар анықталып, қазақтар мен орыстардың, орыстар мен қазақтардың түрлі этномәдени байланыстары мен араларындағы өзіндік алмасулары айқындалды. Оған қоса, респонденттердің ойларынша, қазақтарға мейлінше жақын немесе, керісінше, орыстарға неғұрлым жақын этностар турасында да айтылды. Сонымен, бір мезгілде автор шекаралық аймақтардағы қазақтардың гетеро- және автостереотипті толеранттылық деңгейін де айқындаған.

A.S.Sarsambekova

**Ethnic installation of Kazakhs of Western Siberia and adjacent territories of Kazakhstan (the end of the beginning of XX–XXI century)**

As materials for research data of carried-out ethnosociological poll served. In article interethnic installations of Kazakhs of Western Siberia and Northern Kazakhstan are considered. The author carried out the comparative analysis at the Kazakhs living in a frontier zone. The main ethnoses with which respondents, ethnocultural loans of Kazakhs at Russian and Russian at Kazakhs communicate were revealed. The people which are, according to the respondents, the closest to Kazakhs and, on the contrary are also noted. Along with it, the author defined level of tolerance hetero and autostereotypes of Kazakhs of a cross-border zone.

ӘОЖ 32.001 (4/5) (091)

Т.С.Қаленова

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана (E-mail: kalenovats@mail.ru)***Классикалық еуразияшылдық идеясы: қайнар көздері, қалыптасу және даму кезеңдері**

Мақалада классикалық еуразияшылдық идеясының қайнар көздері, қалыптасу және даму кезеңдері қарастырылды. Классикалық еуразияшылдық қоғамдық-саяси қозғалыс ретінде өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарының басында орыс эмигрант-ғалымдарымен қалыптастырылған. XX ғ. басындағы еуразияшылдық теориясының басты қырларына талдау жасалды. Классикалық еуразияшылдықтың негізгі даму кезеңдері ашылып көрсетілген. Еуразияшылдықтың іргесін қалаған Н.С.Трубецкой, П.Н.Савицкий, Г.В.Вернадский, Н.Я.Данилевский сынды ғалымдардың еңбектері зерттелді. Еуразияшыл-ғалымдар ұстанған «Еуразия — жағрапиялық, экономикалық және тарихи тұтастық» деген ой-тұжырымдаманың мән-маңызы жан-жақты айқындалды. Еуразияшылдар еуразиялық халықтардың тек қана жағрапиялық тұтастығын ғана емес, сондай-ақ Еуразия халықтарының тарихи, экономикалық және мәдени өзара байланысы мен өзара әрекеттесуін талдады.

*Кілтті сөздер:* Еуразия, идея, еуроцентризм, өркениет, ориенталистика, славянофильдік, прототүріктер, номадтар, «тұрандық элемент», татар-монғол езгісі, еуразияшылдық.

Дүниенің екі бөлігі — Еуропа мен Азиядан тұратын жер жаһандағы ең үлкен құрлықты атау үшін алынған «Еуразия» термині жағрапиялық, тарихи, саяси мәнді ұғым болып келеді. Еуразияшылдық идеясы Шығыс пен Батыс арасындағы өзара әрекеттесу мен өзара ықпалдасу ретінде қарастырылуы бүгін ғана бастау алған жоқ. Бұл идея XIX ғасырда Еуропада кең таралды. Осы кезде Германия мен Францияда Шығысқа қатысты қызығушылық ерекше болып, ориенталистика қалыптасты. Ресейде бұл идея өз қолдаушыларын XIX ғ. тапты. Бұлардың еңбектері кейін XX ғасыр басындағы еуразияшылдар үшін теориялық негіз болды. Десек те, еуразияшылдарда алдыңғыларға

карағанда нақты идеялық-дүниетанымдық және әлеуметтік-саяси доктринасы болды. Соның нәтижесінде өткен ғасырдың басында еуразияшылдар қозғалысы қалыптасты, алайда оның ғұмыры қысқа болды.

Еуразияшылдар қозғалысының тұжырымдамаларында Еуразиядағы Ресей рөлін айқындау мәселесі негізге алынғанымен, оның басты идеясының ерекшелігі ресейлік мемлекеттілікті құруда славян этносы ғана емес, түрік, монғол, фин-угор тайпалары да үлкен рөл атқарғандығында болды.

«Еуразияшылдар» деп атау туралы ұсынысты П.Н.Савицкий жасаған. Алайда бұл атауды бастапқыда көпшілік ғалымдар қолдаған жоқ. Мәселен, Г.В.Фроловский көзқарасы бойынша, бұл атау орыс мәдениетінің православиялық мәнісін тұмшаласа, Н.Трубецкой өзінің досы Р.Якобсонға жазған хатында «еуразияшылдық» атауы кездейсоқ және сәтсіз алынғанын айта келе, дегенмен, осы атауды «көзге түседі және түсінікті, сондықтан үгіт жасау мақсатына жарамды» деп мойындайды [1; 64].

Еуразияшылдық көзқарастың бастау көзіне слаянофильдік алынғаны мәлім. Мұны еуразияшылдардың өздері де мәлімдеген болатын. Олар Ресей туралы кез келген ой-пайымдаулар славянофилдер мен батысшылдардың көзқарастарына қарай қалыптасады деп санады. Еуразияшылдар славянофилдер сияқты орыстың ұлттық мүддесін жеке құндылық ретінде қарастырды. Алайда олар слаянофильдіктің орыс мәдениетіндегі маңызды мәнісі бар «азиялық» элементті назарға алмай, тек қана славяндыққа сүйенуді дұрыс емес деп есептеді.

Еуразияшылдар славянофилдердің орыс мәдениетін православиямен байланыстырып қарастыруларын жақтады, бірақ олардың сол мәдениеттің маңызды ерекшеліктерін айқындаған басқа этностармен байланысын тиісінше бағаламағанын айтты.

Әрине, еуразияшылдық идеясының бастау көздері көпқырлы. Алайда еуразияшылдық ағымы белгілі бір ортақ мектепті болған жоқ. Бұл ағымның әрбір өкілі бұл идеяға өз жолымен келді. Мәселен, П.Н.Савицкийдің ізашарлары В.И.Ламанский, Д.И.Менделеев, Л.И.Мечников, П.Б.Струве, ал Г.В.Вернадскийдің ізашарлары В.О.Ключевский, С.Ф.Платонов, М.К.Любавский, Н.П.Кондаков және тағы басқалар болды. Егер еуразияшылдар алдында тұрған «Шығыс-Батыс-Ресей» мәселесін алатын болсақ, онда бұл мәселенің басты негізін салушылар болып, Н.Я.Данилевский мен К.Н.Леонтьев табылады.

Жалпы, еуразияшылдық Н.С.Трубецкойдың 1920 жылы жарияланған «Европа и человечество» еңбегінен басталды. Николай Трубецкой өз еңбегінде батысшылдыққа қарсы келетін ой-пайымдаулар жасады. Ол «еуропалық мәдениет адамзат баласының мәдениеті еместігін, бұл белгілі бір этникалық топтың тарихы нәтижесі» деп тұжырымдады [2]. Сондай-ақ Н.Трубецкой мұнда барлық мәдениеттер үшін тарихи дамудың нақты бір заңдылықтары болмайтынын айтты. Яғни, оның пайымдауынша, кез келген мәдениет бірегей, төл, ерекше болып келеді және оны еуропалық мәдениет «деңгейі» арқылы өлшеу мүлде дұрыс емес.

Шын мәнісінде, әрбір халықтың өзіндік мәдениеті болатыны және де мәдениеттерді «жоғары», «төмен» деңгейлерге бөлу ақылға сыйымсыз екендігі сөзсіз. Сондықтан еуразияшылдық идеясының теориялық тұрғыдан қалыптасуына зор үлес қосқан Николай Трубецкойдың жоғарыда келтірілген ой-пікірлері толық ғылыми негізді.

Осындай көзқарасты еуразияшыл және жаңа славянофилдіктің негізін қалаған Николай Яковлевич Данилевский ұстанды. Ол Еуропаны адамзат өркениетінің жалпы немесе қалай болғанда да оның ең жақсы жақтарын құраушы деп ойлау әділ еместігін, Еуропа тек қана ұлы герман-романдық өркениеттің саласы, оның синонимі деп көрсетті [1; 38]. Дәл осы тұжырымдаманы қазіргі кездегі ресейлік еуразияшыл идеолог А.Дугин де былайша дәйектейді: «Біздің (орыстардың. — Автор) еліміздің тарихында моноұлтты мемлекет болған емес. Алғашқы кезеңнің өзінде-ақ орыс халқы славян, түркі және фин-угор тайпаларының араласуынан қалыптасқан. Содан кейін Русьтің күрделі этномәдени ансамбліне Шыңғысханның, монғол-татарлардың қуатты серпіні араласқан. Орыстарда монополиялы мемлекет болатындай этникалық және нәсілдік тұтастық болған жоқ. Біз көптеген халықтардың, соның ішінде күдіретті түркі факторларының мемлекеттік құрылымға қатысуының арқасында белгілі бір бүтіндікке айналып отырмыз. Еуразияшылдық философиясының негізінде осындай көзқарастар жатыр» [3].

XIX ғ. орыс ойшылдарының еңбектерінде еуразияшылдық мәселесі тек кейбір қырларынан қарастырылса, ал XIX ғ. соңы – XX ғ. басында орыс зиялылары арасында өзіндік «дүниетаным» қалыптастырған бірқатар протоеуразиялық теориялар туындады. Олардың арасында әр түрлі саланың өкілдері болды: ойшылдар, жазушылар, ғалымдар, жаратылыстанушылар, тарихшылар және т.б. Бұл

кезде еуразияшылдықтың теориялық негізі өзара байланысты үш идея бойынша құрылды: 1) ресейлік тарихтың «көпхалықтық» субъектісі және оның тұтастығы; 2) халық пен мемлекет өмірінің алып отырған территориясының табиғи жағдайымен терең байланысы; 3) ресейлік мемлекеттілік генезисінің Шыңғысхан империясында қарастырылуы.

Еуразияшылдар идеялық ұстаным бойынша славянофильдерге көп жақын болды. Олар батысшылдыққа қарсы болды. Алайда, олар батысшылдыққа ашық қарсы шыққанымен, олардың славянофильдікке деген көзқарастары екіұшты болды. Бір жағынан, еуразияшылдар өздерін славянофильдер ұстанған дәстүрлі орыс философиялық және тарихи ойдың жалғастырушылармыз деп санады. Сондай-ақ олар славянофильдердің «шіркеу, қоғам және адам» деген бірлік идеясын да сөзсіз қолдады. Бірақ еуразияшылдар славяндық бірлік идеясын жоққа шығарды. Өйткені олар орыс өркениеттілігінде «тұрандық элемент» бар болғандықтан, ол тек таза славяндық бола алмайды деп санады [4].

1921 жылдың тамыз айы еуразияшылдықтың туындаған уақыты болып есептелінеді. Осы кезде София қаласында төрт автордың — Н.С.Трубецкой, П.Н.Савицкий, П.П.Сувчинский мен Г.В.Флоровский мақалаларының алғашқы ұжымдық жинағы «Исход к Востоку. Предчувствия и свершения. Утверждение евразийцев» деген атпен жарияланады.

Еуразияшылдық түрлі білім салаларының өкілдерін: философ, дінтанушы, мәдениеттанушы, экономист, өнертанушы, тарихшы, географ, жазушыларды біріктірді. Атап айтқанда, еуразияшылдықтың рухани көшбасшысы князь Н.С.Трубецкой — мәдениеттанушы, лингвист, философ. Еуразияшылдықты қоғамдық-саяси қозғалыс ретінде ұйымдастырушы П.Н.Савицкий — экономист, географ. Қозғалысқа философ және публицисттер — Г.В.Флоровский, В.Н.Ильин, Б.Н.Ширяев, тарихшы және әдебиеттанушылар — Г.В.Вернадский, Д.П.Святополок-Мирский, В.П.Никитин, өнертанушы — П.П.Сувчинский, жазушылар — В.Н.Иванов, Э.Хара-Даван, құқықтанушы — Н.Н.Алексеев және тағы басқалар енді.

Еуразияшылдықтың қарқынды дамыған кезеңі — 1920 жылдар. Еуразияшылдар өз ілімдері атауының шығу себебіне келгенде, оның мазмұны «Еуразия» және «Азия» деген жағрапиялық терминдердің жалаң бірігуімен жанаспайтындығын атап көрсетті. Яғни, оның мәні алғаш рет А.Гумбольдт қолданған мәнде емес, «өркендеу өрісі», тіршілік мекені, өзгеше өркениет мағынасында түсіндіріледі немесе орыс халқы мен «Ресей әлеміндегі» еуропалық та емес, азиялық та емес, еуразиялықтың нақ өзі болып табылатын халықтардың табиғи және әлеуметтік байланыстарының өзара ықпалдасу аймағы деп ұғынылады.

Жиырмасыншы жылдары П.Н.Савицкий, Н.С.Трубецкой сынды және т.б. еуразияшыл ғалымдар «еуразияшылдық» терминін тек жағрапиялық түсінік ретінде қарастырған жоқ. Олардың пікірінше, Ресей — Еуропа да, Азия да емес, өзінің табиғи ерекшелігі тұрғысынан Еуропа мен Азиядан елеулі айырмашылығы бар, айрықша «орташа құрлық».

Этнограф-лингвист Николай Сергеевич Трубецкойдың пайымдауынша, Еуразия — жағрапиялық, экономикалық және тарихи тұтастық. Еуразия халықтарының тағдыры бір-бірімен біте қайнасып, қиюласып кеткен.

Жалпы алғанда, еуразияшылдық идеясының тарихын үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. Біріншісі — Қазан төңкерісіне дейінгі кезең. Екіншісі — Қазан төңкерісінен кейінгі ресей эмигранттары мұрындық болған кезең. Үшіншісі — Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезең. Бұл үш кезеңнің өн бойында еуразияшылдық идеяның дем берушілері — тарихшылар Г.В.Вернадский, Л.П.Карсавин, Л.Н.Гумилев, құдайшыл Г.Ф.Флоренский, географ П.Н.Савицкий, шығыстанушы В.П.Никитин, этнограф Н.С.Трубецкой сияқты көрнекті тұлғалар тұрды.

Еуразияшылдық идеяның бірінші кезеңінде ұлы орысшылдық пиғыл бел алып жатты. Батыс пен Шығыстың, яғни роман-германдар мен азиялықтардың, ортасындағы Ресейдің айрықша рөлі болу керек деген идея күн тәртібіне қойылды.

1922 жылы «На путях. Утверждение евразийцев» атты екінші жинақ жарияланды.

1923–1927 жылдар аралығында «Еуразия дәуірнамасының» үш саны шығады. Ол — діни, ұлттық, экономикалық, мәдениеттану, әскери мәселелерді қамтыған мақалалар жинағы болды. Жиырма шақты жыл ішінде ондаған монография, брошюра, «Еуразия хроникасы», «Еуразия жобалары», «Версты» журналдары, Парижде апталық «Еуразия» газеті шығарылады.

Еуразиялық баспа қозғалысқа қатысушылардың еңбегін Берлинде, Парижде, Прагада, Белградта, Софияда жариялап тұрды. Көптеген елдерде еуразия үйірмелері құрылып, семинар мен

конференциялар өткізілді, еуразияшылдардың идеясын насихаттайтын дәрістік оқулар ұйымдастырылды.

Еуразияшылдық идеяның екінші кезеңінде сол алғашқы ой-тұжырымдар жаңаша серпінмен одан әрі жалғасты. Себебі ресей эмигранттары социалистік жүйенің ұстанымдары азиялық тұрғындардың ойынан шығып, одан әрі еуразияшылдық идеяның жүзеге асуын жеделдетеді деп үміттенді. Олар Еуразия кеңістігінде Ресей ділінің үстемдік құруы ашық айтылып, Ресейді «айрықша мәдени-тарихи әлем» деп жариялай бастады.

Еуразияшылдардың алғашқы еңбектері Кеңестер Одағында да назардан тыс қалған жоқ. Мәселен, 1929 жылы Қызыл профессура институты «Марксизмді жаңаша сынауға қарсы» деген жалпы атаумен жинақ шығарады. Сол жинақтағы «Орыс эмигранттарының марксизмді сынауы» деген үлкен мақала тұтастай еуразияшылдыққа арналды. Олар бұл қозғалысты: «Ақ эмиграцияның Еуропада «көшіп жүрген» анағұрлым оңшыл бөлігі, сондай-ақ КСРО-дан қуылған профессураның анағұрлым реакцияшыл бөлігі» сипатындағы ағым деп көрсетті. Алайда, кейіннен «еуразияшылдық» ұғымы 1980 жылдың соңына дейін кеңестік әдебиет беттерінде мүлде сөз етілмеген.

Еуразияшылдардың көзқарасы мынаған тоқайласады: Ресей туралы пайымдай отырып, оның бастапқы киевтік-мәскеулік «жаратылысы» туралы емес, Еуразия «мекен-құрлығы» туралы, сол құрлықтың алыс қиырларындағы көптеген этностар мен мәдениеттерді бауырына басқан, әрі тұтастығын сақтап, бірлігін бұзбаған Еуразия туралы сөз қозғаған орынды болмақ. Еуразияшыл идеологтар орыс мәдениетін Еуропа мәдениетінің бөлшегі деп қараған жоқ, Батыс пен Шығыстың үлгісін тең дәрежеде бойына сіңірген өзіндік бет-бейнесі бар мәдениет ретінде қарастырды [5].

Еуразияшылдардың пікірі бойынша, Ресейдегі мәдениет бастауының шешуші факторы әуелі, татар-монғол шапқыншылығымен, ал, кейіннен орыстардың Сібірге, одан кейін көптайпалы Азияға экспансия жасауымен, тіпті Америка жеріне ішкерілей енуімен байланысты. Орыс халқын еуропалықтарға да, азиялықтарға да жатқызуға болмайды, ол мүлде ерекше этникалық қауым болып табылады. Орыс мәдениеті мен мемлекеттілігінің осындай бет-бейнесі Ресейдің өзгеше тарихи жолын және батысеуропалық дәстүрмен сәйкеспейтін ұлттық-мемлекеттік бағытын айқындайды.

Үшінші кезеңде еуразияшыл идеяның көңіл қалауынан гөрі, нақтылы тарихи жағдайлармен көбірек санасқанын аңғаруға болады. Яғни, әлемдік бәсекелестікке Еуразия халықтары өздерін мүдделестер, тағдырластар ретінде сезініп, әлеуметтік-экономикалық және саяси-мәдени одақтастықты еуразияшылдықтың өзекті постулатына айналдыра бастады. Әсіресе КСРО ыдырағаннан кейін еуразияшылдық идеяның бұл сияқты жаңа бағытына тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың тікелей ұйытқы болғаны белгілі. Бұл мәселеде Л.Н.Гумилев Еуразия ойкуменін тарихи тағдыры біртұтас, әлемнің алтыдан бір бөлігі ретінде қарастырды. Осы орайда ол Ресей тарихындағы Ұлы Дала рөлін мүлде жаңаша парақтады. Атап айтқанда, орыс тарихында бел алып жататын «татар-монғол езгісі» деген идеядан бірінші болып бас тартты. Ол үшін Ресей деген Монғол ұлысынан кейінгі біртұтас Еуразия империясының православтық вариациясы еді. Мұндай идея өзінен-өзі Ресейдің тарих сахнасына шығуындағы Еуразия көшпелілерінің рөлі деген екінші идеяны дүниеге келтірді. Міне, еуразияшылдық мәселесінде Л.Н.Гумилев осындай идея арқылы өзін ұшқыр, ойлы ғалым ретінде әйгілей алды. Ол бұрынғы саяси-идеологиялық еуразияшылдықты дәлелді тұжырымдамасы бар ғылымға айналдыра білді [6].

Еуразияшылдық идеясын ұстанушы орыс зиялылары алдымен еуразияшылдық топ, одан қозғалыс болып қалыптасып, одан саяси партия құрған болатын. Олар Ресей мен дүниежүзіне жаңа жағрапиялық және тарихи түсініктеме беріп, оны ресейлік немесе «еуразиялық» деп атайды.

Еуразияшылдық идеясының қалыптасуына теориялық негіз болған Н.С.Трубецкойдың «Европа и человечество» атты еңбегінде Ресей империясының құлауының себептері қарастырыла келе, бұған зиялылардың ұзақ уақыт бойы еуропалық мәдениеттің ықпалында болуы әсер етуі мүмкін деген мәселе көтеріледі. Сондай-ақ Н.Трубецкой бұл еңбегінде Батыс мәдениеті әмбебап және жалпыадамзаттық бола алмайтындығын атап көрсетті.

Н.С.Трубецкой 1922 жылы қазан айында Венаға кетеді. Ол Вена университетінің славян филологиясының профессоры болып тағайындалады. Николай Трубецкойдың еуразияшылдық көзқарастары салыстырмалы-тарихи тілтану саласында жүргізген ғылыми ізденістеріне де ықпал етеді. Ғалым — тілдік одақ теориясының авторы. Оның тұжырымдауынша, бір жағрапиялық мәдени-тарихи аймақтардағы бірнеше тілдерде ортақ шығу тегіне қарамастан, ерекше ұқсастық болады. Бұл — ұзақ уақыт бойы көрші өмір сүру және қатар дамудан туындайтын ұқсастық. Сондықтан Н.С.Трубецкой «еуразияшылдық» ұғымының анықтамасын: «Бұрын Ресей империясы, ал қазір КСРО

атанған мемлекеттің ұлттық субстраты деп осы мемлекетті мекендейтін және көпхалықтық ерекше сипатымен ерекше ұлттық белгіні иеленген халықтардың бірлігін, тұтастығын айтамыз. Осы ұлтты — еуразиялық, оның мекенін — Еуразия, ал ұлтшылдығын — «еуразияшылдық» дейміз!» — деп айқындады.

1925 жылы жарияланған «Наследие Чингисхана» деген еңбегінде Н.Трубецкой Ресей мемлекеттілігі тек қана орыстармен құрылмағанын, бұған сондай-ақ Еуразияны мекендеген басқа халықтар да қатысқанын, әсіресе мұнда үлкен рөл атқарған Шыңғысхан империясынан қалған мұра екендігін айтты [7]. Осындай көзқарасты славянофилдер көсемдерінің бірі — А.С.Хомяков те ұстанды. Ол «Русьті монғолдардың бағындыруы орыстар үшін бақытты болды» деді және Ресейдің болашағын тек Шығыспен байланыстырды.

Жалпы, Н.С.Трубецкойдың еуразияшылдық идеясына қатысты ұстанған пікірлерінің негізгі өзегін оның келесідей айтқан ойы құрады: «Восточнославянские племена занимали первоначально лишь незначительную часть той громадной территории, которую занимает современная Россия. Славяне заселяли первоначально только небольшую западную часть этой территории, речные бассейны, связующие Балтийское море с Черным. Вся прочая, большая часть территории современной России была заселена преимущественно теми племенами, которые принято объединять под именем «туранских» или «урало-алтайских». В истории всей названной географической области эти туранские племена играли первоначально гораздо более значительную роль, чем восточнославянские, русские племена. Даже в так называемый домонгольский период туранские государства в пределах одной Европейской России (царство волжско-камских болгар и царство Хазарское) были гораздо значительнее варяжско-русского. Само объединение почти всей территории современной России под властью одного государства было впервые осуществлено не русскими славянами, а туранцами-монголами».

Петр Николаевич Савицкий «Европа и Евразия» деген мақаласында Н.Трубецкойдың «Европа и человечество» кітабы бойынша пікірін білдіреді. Ол толығымен кітаптағы Батысқа қарсы көзқарасты жақтай отырып, еуроцентризмнен тек саналы түрде ғана емес, сонымен қатар романо-германдық мәдениетке іс жүзінде Ресей мәдениетін қарсы қою қажеттігіне мән берді.

П.Савицкий Еуразия халықтары арасындағы этникалық байланыс туралы «Поворот к Востоку» атты мақаласында: «Ресейдің өзі де енді «Шығыс» емес пе? Русьтен тамырында хазар, қыпшақ, татар немесе башқұрт, мордва немесе шуаш қаны араласпаған адамды таба аласыз ба?» — деп жазған еді. Ол еуразияшылдық идеясының негізін салушылардың бірі болды. Ол 1920 жылы Болгарияға қоныс аударады. Осы кезде Софияда жарыққа шыққан «Исход к Востоку. Предчувствия и свершения. Утверждение евразийцев» атты бірінші еуразиялық жинақтың шығарылуына қатысады. Ал 1921 жылдың соңында Чехословакияға кетеді, онда Прага Орыс заң университетінде приват-доцент болып қызмет жасайды.

Петр Савицкий жиырма бесінші жылдары большевиктер биліктен кетеді дегенге сеніп, басқа еуразияшылдармен бірге Ресейге келуді жоспарлаған. 1927 жылы «Трест» арқылы Мәскеуге құпия келеді. Ол бұл сапардың мақсаты жөнінде былай деген болатын: «Менің осы сапардағы көздеген мақсатым Мәскеудегі «еуразияшылар» тобымен байланысу және Кеңес үкіметіне қарсы күресудің бірлескен жоспарын жасау болды». Алайда П.Савицкий ОГПУ-дың «Трест» операциясының құрбаны болады.

Ғалым отызыншы жылдары Прага неміс университетінде орыс, украин және ресейтанудан сабақ береді. 1940 жылы Прагада орыс гимназиясының директоры болады.

1945 жылы Праганы Кеңес әскері азат еткеннен кейін СМЕРШ органдарымен бұрынғы ақгвардияшыл ретінде тұтқындалып, ұшақпен Мәскеуге жіберіліп, онда 8 жылға лагерге қамалады. 1956 ж. босатылып, ақталған кезінде Мәскеуде қалудан бас тартып, Чехословакияға қайта оралады. Онда ол аударма жұмыстарымен айналысады. Елуінші жылдары Л.Н.Гумилевпен хат жазысып тұрған. 1960 ж. Батыста «П.Восток» бүркеншік есімімен өлеңдер жинағын шығарады. Өлеңдерінде лагерде болған күндері туралы жазғаны үшін 1961 жылы ЧКР Мемлекеттік қауіпсіздік органдарымен қайта тұтқындалады. Бірақ әлемдік қауымдастықтың араласуымен тұтқыннан босатылады. Осылайша, еуразияшыл ғалым П.Н.Савицкий өмір бойы кеңес үкіметі тарапынан қуғын-сүргінге ұшыраған.

Николай Яковлевич Данилевский де еуразияшылдық идеясын қалыптастырушылардың бірі. «Мәдени-тарихи түрлер» ұғымы Н.Данилевский ілімінің негізі болды. Ол тарих жүзіндегі негізгі мәдени-тарихи түрлерді былайша бөлді: 1) египеттік; 2) қытайлық; 3) ассирия-вавилон-финикиялық, немесе халдей немесе ежелгі-семиттік; 4) үнділік; 5) ирандық; 6) яһудилік; 7) гректік; 8) римдік;

9) жаңа-семиттік, немесе аравийлік, және; 10) герман-романдық, немесе еуропалық, сонымен қатар өз дамуын жетілдіріп үлгермеген мексикандық және перуандық.

Н.Данилевский герман-романдық және славяндық түрлерге ерекше көңіл бөлді. Славяндық түрдің болашағы туралы тұжырымдап, болашақта герман-романдық түрдің құлдырауына орай Ресейде славяншылдық тарих төріне шығатындығын дәлелдеді. Ол славян халықтарының герман халықтарына қарағанда үш ерекшелігі бар деп тұжырымдады, атап айтқанда, олар: 1) этнографиялық; 2) діндарлығы; 3) тарихи тәрбиедегі ерекшелігі.

Николай Данилевскийдің айтуынша: «Әрбір славян орыс, чех, серб, хорват, словенец, болгар (поляк) үшін — Құдай мен оның Қасиетті шіркеуінен соң — славян идеясы идеядан жоғары, бостандықтан жоғары, ғылымнан жоғары, білімнен жоғары, жер бетіндегі барлық игіліктерден жоғары болуы керек». Әрине, Н.Я.Данилевскийдің идеялық ұстанымының негізінде славяншылдық басым болды.

«Россия и Европа» деген еңбегінде Н.Я.Данилевский Ресей тарихын Еуропа елдерімен үздіксіз байланыста қарастыра отырып, Батыстың саяси, мәдени экспансиясынан сақтану қажеттігі туралы жазды. Сондай-ақ ол мұнда еуроцентристік көзқарасты сынға алды.

Вернадский Георгий Владимирович еуразияшылдық қозғалысына 1923 жылы қосылады. Ол еуразияшылдық тарихи тұжырымдамаларының авторы болды. Г.Вернадскийдің нағыз еуразияшылдық туындылары қатарында «Начертание русской истории», «Опыт истории Евразии», «Звенья русской культуры» атты еңбектерін атауға болады [8].

Георгий Вернадский тұжырымдамасы Дала мен Еуропаның өзара қарым-қатынасы контекстінде Еуразия континентінің дамуына негізделді.

Г.Вернадскийдің «Русское масонство и царствование Екатерины II» атты монографиясында сол уақыттағы Ресейдегі масондықтың ықпалын саяси және мәдени тұрғыдан қарастырады. Ғалым Ресей тарихындағы монғол шапқыншылығы мәселесіне келгенде, оның зардаптарымен қоса, жағымды жақтарын да атап көрсетті. Оның тұжырымдауынша, монғол шапқыншылығы орыс жерлерінің біріктірілуіне, Ресейдің оңтүстікке және шығысқа бет бұруына, орыс халқының өмір сүру кеңістігінің кеңеюіне әсер етті.

Жалпы алғанда, еуразияшылдық доктринаның постулаттарын Г.В.Вернадский былайша айқын тұжырымдады: «Азиялық» және «еуропалық» Ресей арасында табиғи шекара жоқ. Демек, «еуропалық» немесе «азиялық» деп бөлшектенетіндей, екі Ресей де жоқ. Тек «еуразиялық», немесе Ресей Еуразия, деп аталатын бір ғана Ресей бар» [6; 2]. Сондықтан оның ғылыми еңбектері «Еуразия тарихы бұл Орман мен Дала арасындағы үнемі өзара әрекеттесу: «Орман мен Даланың» бірлігі» деген қағидатқа сүйеніліп жазылды.

«Южная Россия впервые была политически организована киммерийцами (1000–700 гг. до н.э.), затем скифами (700–200 гг. до н.э.) и сарматами (200 г. до н.э. – 200 г. н.э.), затем последовали готы (200–370 гг. н.э.), смененные гуннами (370–454 гг. н.э.)... Скифское государство было скорее конфедерацией сильных кочевых родов. Как социально, так и по легальному статусу оно соответствовало государству, базировавшемуся на родовом законе» [9], — деп пайымдады Георгий Вернадский. Ол Еуразия тарихындағы біртұтас мемлекет құру үрдісін кезең бойынша зерттегенде Сақ мемлекетінен бастап КСРО-мен аяқтады.

Қорыта айтқанда, классикалық еуразияшылдық идеясының теориялық негіздерін қалыптастыруда орыс ғалымдары — Н.С.Трубецкой, П.Н.Савицкий, Н.Я.Данилевский, Г.В.Вернадскийлердің үлесі зор болды.

Классикалық еуразияшылдықтың негізін салған орыс ғалымдарының басымы еуразияшылдықты тарихи және саяси тұрғыда қарастырды. Сондай-ақ олар Еуразиядағы көне түріктердің саяси, тарихи және мәдени рөлдерін айқын көрсетті.

## References

- 1 *Evrasiystvo problems*, Astana: ENU Publ., 1998, 232 p.
- 2 Trubetskoi N.S. *Europe and mankind*. — Sofia, 1920. [ER] /www.primeestate.lv. URL: <http://oboguev.tripod.com/nstev.htm> (date of the address 18.03.2013), p. 179.
- 3 Dugin A.N. *Nazarbayev's Euroasian mission*, Astana: Astana, 2005, 256 p.
- 4 Personov V.M. *Evrasiystvo: social philosophy and historiosophy* // *Evrasia*, 2011, № 4, p.45, 46.
- 5 Abdimanapov S.A. *Life and L.N.Gumilev's scientific activity*, Astana: ENU, 2004, p. 16.

- 6 Akseleu S. *Gumilev* // Egemen Kazakhstan, 2004, 1 oct.
- 7 Lavrov S.V. *L.N.Gumilev and evraziystvo* // Evrasia, 2010, № 3, p. 44.
- 8 Galperin Ch. *Russia and steppe: George Vernadsky and evraziystvo*. — P. I., Russia and Golden Horde. Contribution of Mongols to medieval Russian history. P. II / Trans. from Eng. D.M.Kostina / Originator M.K.Koigeldiev, Almaty: Sanat, 2005, p. 187.
- 9 Vernadskii G.V. *Tracing of the Russian history*. — Moscow: Algoritm, 2002, p. 31.

Т.С.Каленова

### **Классическая евразийская идея: истоки, этапы формирования и развития**

Классическое евразийство как общественно-политическое движение сформировалось русскими учеными-эмигрантами в начале двадцатых годов прошлого века. В статье даны истоки, основные этапы формирования и развития классической евразийской идеи. Проанализированы основные аспекты теории евразийства в начале XX в. Раскрыты основные этапы развития классического евразийства, рассмотрены труды его основоположников — Н.С.Трубецкого, П.Н.Савицкого, Г.В.Вернадского, Н.Я.Данилевского. Всесторонне освещены сущность и значение концепции ученых-евразийцев «Евразия — географическая, экономическая и историческая целостность». Автором сделан вывод: евразийцы изучали не только географическую общность евразийских народов, но и исторические, экономические и культурные взаимосвязи и взаимодействие народов Евразии.

T.S.Kalenova

### **Classical eurasian idea: sources, stages formations and developments**

In this article sources, the main stages of formation and development of classical Euroasian idea are considered. The classical evraziystvo as political movement was created by the Russian scientists-emigrants in the early twenties the last century. The author analysed the main aspects of the theory of an evraziystvo at the beginning of the XX century. The main stages of development of a classical evraziystvo reveal. Works of founders of a classical evraziystvo as N.S.Trubetskoy, P.N.Savitsky, G.V.Vernadsky, Danilevsky N.Ya. are considered. In article the essence and value of the concept of Eurasian scientists «Eurasia — geographical, economic and historical integrity» comprehensively reveal. Eurasians studied not only a geographical community of the Euroasian people, but also historical, economic and cultural interrelation and interaction of the people of Eurasia.